



## ӨМІРБАЯН

Сиджанов Махжан Жолдасұлы 1960 жылдың 10 шілдесінде Гурьев облысы, Гурьев қаласында дүниеге келдім. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1977 ж. Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының емдеу ісі факультетіне оқуға түстім және 1983 жылы оқу орнын бітіргеннен соң интернатурадан өтуге Гурьев қаласындағы БСМП қарамағына жіберілдім.

Өз еңбек жолымды 1984 жылдың тамыз айынан бастап хирургия бөлімшесінің дәрігері болып жұмыс жасадым.

1987 жылы Ақтөбе облыстық онкологиялық диспансерінде амбулаториялық қабылдау дәрігері болып жұмысқа қабылданып, 1988 жылы торакальдық бөлімшесінің дәрігер-хирургі болып ауыстырылдым.

1994 жылдың қазан айынан бастап онкология кафедрасының аспирантурасына түсіп, 1997 жылдың тамыз айында аспирантураны бітіріп, 1998 жылдың маусым айында жеке еңбек шарты негізінде онкология кафедрасының ассистенті болып ауыстырылдым.

2001 жылдың маусым айынан бастап 2002 жылдың сәуір айы аралығында Атырау облыстық онкология диспансерінде дәрігер хирург және хирургия бөлімшесінің меңгерушісі болып тағайындалдым.

2002 жылдың сәуір айы мен 2004 жылдың сәуір айы аралығында М.Оспанов атындағы ЗКГМУ онкохирургиялық бөлімшесінің меңгерушісі болып тағайындалдым.

2007 жылдың тамыз айынан бастап, 2012 жылдың 22 қазан айы аралығында Атырау облыстық онкология диспансерінің бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқардым.

2012 жылдың 22 қазан айынан бастап ШЖҚ КМК «Атырау облыстық ауруханасының» бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары лауазымына тағайындалдым. 2012-2013 жылдар аралығында М.Оспанов атындағы ФФДМ және ФОЗКГМУ және Астана университетінің базасында біліктілік арттыру курсынан өтіп, 2014 жылдың маусым айында онкология мамандығы бойынша жоғары біліктілік санатын алдым. 2000 жылы медицина ғылымдарының кандидаты. 2016 жылдың қаңтар айынан бастап ШЖҚ КМК «Атырау облыстық онкология диспансеріне» аудит дәрігері болып жұмысқа қабылдандым. 2017 жылдың 12 сәуірінен бастап күні бүгінге дейін директордың орынбасары лауазымында жұмыс атқарудамын.

2011 жылы ҚР халқының денсаулығын сақтау ісінің сіңірген айрықша еңбегі үшін омырауға тағатын «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісімен марапатталдым.

Үйленгенмін, жұбайым Сырбаева Жанар Маликқызы косметолог болып жұмыс жасайды.

Үш қыз тәрбиелеп отырмын.